

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№2 Оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ХАТТАМА №2

Шымкент қаласы

27.04.2022 ж.

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық қарсы стандартын және Әдеп кодексін талдау туралы.

Қатысқандар: 43

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша: №2 Оңалту орталығы комплаенс офицерінің міндетін атқарушы Избаева Д.Д. **баяндама жасады:**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты Қазақстан Республикасы 2015 ж. 10 қарашадағы №410 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс- қимыл туралы» Заңының 10- бабына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі бекіткен қоғамдық қатынастардың оқшауланған салаларында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу бойынша әдістемелік ұстанымдарға сәйкес әзірленген және ұсынымдық сипатқа ие.

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт ұғымы жалпы денсаулық сақтау саласы үшін сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеуге бағытталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеу міндеттері ауруханада және емханада жұмыс істейтін адамдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру және екіншісі сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың қағидаттары олар: заңдылық, транспаренттілік, әдептілік, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерінен қорғау, мүдделер қақтығысын болдырмау.

Ал, Әдеп кодексінің мақсаты ұйымда корпоративтік мәдениетті дамыту және мінез – құлықтың үздік практикасын қолдану арқылы мүдделі тұлғалармен тиімді өзара іс- қимылды құру болып табылады. Сонымен қатар қызметкерлерді тап болатын күнделікті жағдайларда да, басқада мүдделі тұлғалармен өзара қарым- қатынастарда осы кодекстің талаптарын қабылдайды және ұстанады деп ойлаймын.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру, денсаулық сақтау ұйымдарында парасаттылық мәдениетін қалыптастыру, әрі қарай қызмет әдеп нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында және Әдеп кодексін үнемі қызметкерлер арасында талқылануын және алдағы уақытта мерекелерде қызметкерлерге балалардың ата-аналарынан сыйлықтар мен ақша алмауға шақырамын.

Қортындылай келе Сіздерден айтылған құқықтық құжаттарда мінез-құлықтың құқықтық мәдениеті көрсетілген, соны сақтайық! Бәріңізді сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жағдай жасамауға шақырамын. Өз мамандығымен сүйікті ісіне тек адал еңбекпен, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге болады. Сол мақсатта қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің ушықпауы үшін және оны тоқтаудың амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа қарсы тұруға болады.

Жиналысты қорытындылай келе орталықтың бас дәрігері А.Сапарғалиева:
- Сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасының азаматтарының азаматтық борышы деп білу кекрек және «Еліміздің жанданып, дамуына, осы Елбасы Жолдауының тиісті дәрежеде орындалып, мақсатына жетуіне бірге ат салысайық!» — деп, сөз соңында жылы лебізін білдірді.

Хатшы: Есбергенова Г.

